

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**

ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы

Д Ә Р І С

**Тақырыбы: ГЕРМАНИЯ МЕН ЖАПОНИЯДАҒЫ
БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ**

**Кафедра мәжілісінде талқыланып,
мақұлданған: 2016 ж. «___» қыркүйек
№ ___ хаттама**

**Дайындаған: кафедра аға оқытушысы
полиция капитаны И.М. Искаков**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ГЕРМАНИЯ МЕН ЖАПОНИЯДАҒЫ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ

ЖОСПАР:

1. Германия империясының құрылуы. 1871 ж. Конституция.
2. Жапониядағы буржуазиялық революция. 1889 ж. Конституция.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

- Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды., 2005
- Сейдіғалиев Т.Р., Искаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құрал. – Қарағанды., 2015
- Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы., 2008
- Всеобщая история государства и права в схемах. Древний мир. - М., 1996
- Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохи Маурьев. М., 1973
- Васильев Л.С. Курс лекций по Древнему Востоку. М., 1985
- Всеобщая история государства и права./ Под ред. Батыра К.И.. М., 1996
- Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй Древнего Двуречья.
- История государства и права зарубежных стран./ Под ред. Жидкова О.А. и Крашенинниковой Н.А. ч.1., М., 1988
- Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы, 2005
- Крашенинникова Н.А. История права Востока. М., 1994
- Лаурье И.М. Очерки древнеегипетского права 16-10 вв. до н.э. Л., 1960
- Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран. М., 1984, с.12-34
- Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы. Астана., 2005
- Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. М., 1996

Кіріспе

«Германия ұлтының қасиетті рим империясы» құлау себебін және ХУХ ғасырдың басындағы – Рейн одағы, Герман одағы германдық мемлекеттердің бірігу нысанын қарастыру қажет. Алғашқы конституциялардың мазмұнын ашу қажет. 1850 ж. Конституцияға аса назар аудару қажет. 1871 ж. Герман империясының конституциясының мәнін ашу керек. Кайзерлік Германияның саяси режимін. Прусс-германдық милитаризмнің ерекшелігін.

19 ғасырдың 60 жылдардағы Жапонияның мемлекеттік құрылысының ерекшеліктерін ашып көрсету керек. Буржуазиялық реформаларды ашу барысында аса көңіл бөлетін жай саяси партиялардың құрылуы және агрардық реформа, сондай-ақ 1889 ж. Конституциясын ашып көрсету керек. Жапониядағы буржуазиялық революцияның пайда болуын және кімдердің арасында болғанын қарастырып өту керек. 19 ғасырдың 60 жылдардағы Жапонияның мемлекеттік құрылысының ерекшеліктерін ашып көрсету керек. Буржуазиялық реформаларды ашу барысында аса көңіл бөлетін жай саяси партиялардың құрылуы және агрардық реформа, сондай-ақ 1889 ж. Конституциясын ашып көрсету керек. Сонымен қоса екі мемлекеттің конституцияларына мінездеме беріңіздер. Қытайдағы құқықтың және мемлекеттің дамуын оның құрылысының ерекшеліктерін ашып көрсету керек.

Германия империясының құрылуы.

1871 ж. Конституция.

"Қасиетті Германияның ұлттық Рим империясының" ыдырауы. Германияның біріктіру процесі. 1806 жылғы Франция басқарған Рейн одағы. 1815 жылы Вена қаласында құрылған одақ.

1815 жылы Вена қаласында құрылған одақ. Ұлы француз төңкерісі Германияның дамуына қатты әсерін тигізді. Феодализмді сынаған пікірлер күшейді. Наполеон Австрияны жеңгеннен кейін 1806 жылы 6 тамыз күні 2-Франц Қасиетті Рим империясының Герман ұлтының императоры атағынан бас тартты, ол өзіне тек қана Австрия императоры деген атағын қалдырды. Габсбурггердің атақтары, абыройлары төмендеді. Көптеген ұсақ мемлекеттердің саяси тәуелсіздігі жойылып, олар енді Наполеонның вассалдарына айналды. Сол жылы неміс жерлерінің медиатациясы (ірі мемлекеттерге кішкентай мемлекеттерді қосу) болып өтті. Енді 300 ұсақ мемлекеттер, облыстар, қалалардың орнына ірі, бір орталыққа бағынған мемлекеттер пайда болды. Рейннің сол жағында орналасқан мемлекеттердің көбінде Франциядағы өзгерістердей реформалар болып өтті, шаруалар бас бостандықтарына ие болып, феодалдардың жеңілдіктері шектелді. Наполеон Ресейден жеңілгеннен кейін осы неміс мемлекеттері тәуелсіз мемлекеттерге айналды, сондықтан Германияның саяси картасы қатты өзгерді.

1814-1815 ж. Вена конгресі. 1814 жылы Наполеон империясы соғыста жеңілгеннен кейін Австрияның Вена қаласында Еуропа мемлекеттерінің Конгресі жиналды. Халық бұл Конгрестің жұмысынан көп өзгерістер күтіп, олар Германия бірігіп оның мемлекеттік құрылысын либералды конституция реттейді деп үміттенді. Бұл Конгресте Ресей, Англия, Австрия мен Пруссия мемлекеттері басты рөл атқарды. Бұл жиналысқа жеңілген Францияның да өкілдері жіберілді. Олар соғыстан кейінгі маңызды мәселелерді осы межілісте шешті. Конгреске қатысушылардың басты мақсаты, мүмкіндігінше, бұрынғы әулетті және дворяндар мемлекеттерін қалпына келтіру, жеңіске жеткен мемлекеттердің мүддесіне сәйкес Еуропаны қайтадан бөлу және көтеріліп келе жатқан төңкерістік қозғалыстарды басу. Жеңген мемлекеттердің өкіметтері халықпен санаспай, өздерінің мүддесін қорғау үшін Еуропа картасын тілімдеп, кескілеп жатты. Халықтың үміті ақталған жоқ. 1815 жылғы Вена Конгресінде немістердің одақтық актісі қабылданды. Германдық одақ 39 бос мемлекеттерден тұратын болды, оларға 35 монархия, 4 ерікті қала кірді. Неміс мемлекеттерінің саны бұрынғыға қарағанда азайды. Оның ішінде ең ірі Австрия және Пруссия мемлекеттері еді. Герман одағының мемлекетінде жалпы ақшасы да, әскері де, халықаралық істерде ықпалы да болмады. Одақтың алдында тұрған мақсаты мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қорғау. Оның Жоғары органы Одақтық Сейм - 69 депутаттан тұрды, Австрия, Пруссия, Вюртемберг, Бавария, Саксония, Ганновер 4, басқалары 1-3 дейін өкілдерін жіберіп тұратын. Сейм Майндағы Франкфурт деген қалада орналасқан еді. Бұл тұрақты Конгресс, мемлекеттік мүшесінің елшісі, елшілер әрбір мәселені шешкенде өз мемлекеттерімен ақылдасып тұратын. Шешім шығару үшін бар

мүшесінің үштен екісі, ал ең маңызды шешім шығару үшін бәрі тұтас дауыс беруге тиіс. Сейм негізгі заңдарды қабылдайтын және одақтық мекемелерді құратын. Олар шетелдік, әскери және ішкі істерін басқару үшін Біріккен мәжілістерден басқа Тар Кеңестің мәжілісіне 17 мүше қатысушы. Ол Кеңесті Австрия басқарды. 1815 жылдан бастап Германия бос конфедерацияға айналды. Венадағы Конгресс Германияның бытыраңқылығын жойған жоқ, ондай мақсатты олар Венада алдына қоймаған болатын. Германия көп мемлекеттерден тұратын, әрбір мемлекет өздерінің дипломаттық агенттерін, өкіметін және әскерін, кеден жүйесін, заңдарын және жеке салмақ өлшемін сақтады. Германияның әлсіз конфедерациясын құрған мемлекеттер көбіне шексіз монархияларға жататын. Олардың бір ерекшелігі бар еді феодалдардың құқықтарын шектеген жоқ және жеңілдіктерін сақтады. Конституциялары сыйланған конституциялар деп аталды. Бұл одақта жалпы әскер, сот, қаржы, жалпы сыртқы істерді басқаратын орган, мемлекеттік мәрде болған жоқ. Сеймде белгілі рөлді Австрия атқарды, оның елшісі Метгерних: "Тыныш жатқан затты тиеңіз" дегенді жақсы көретін. Парламенттің жоғарғы палаталары ақсүйектерден тұратын, үлгі ретінде Францияның XVIII Людовик қабылдаған Хартиясы қолданды.

1834 жылғы Кеден одағы. Буржуазияның және либералдық помещиктердің белсенділігімен 1834 жылы 18 неміс мемлекеті, 30 миллион халқымен Кеден Одағын құрды. Бұл одақтың басқарушысы Пруссия мемлекеті. Ол алдымен өзінің провинцияларымен кеден одақтарын құрып, жағдайын жақсартып, рөлін көтерді. Кейін осы кеңейту саясатын ол көрші мемлекеттерге жүргізді. Сөйтіп бірте-бірте бұл Кеден одағына неміс мемлекеттерінің көбі кірді. Бұл одақтың мүшелігі 12 жылға созылды, бірақ бұл мезгіл өткеннен кейін оны жаңартуға болатын. Одақ мүшелері жылына 1 рет конференцияларын өткізді. Бұл одақта ерекше құқықтары болмағанымен, Пруссия ол өзінің абыройын көтеріп, бұл одақты Австрияға қарсы пайдаланғаны мәлім. Австрия және оның аудандары бұл одаққа кірген жоқ. Кеден одағының мүшелері кірерде төленетін салықтар мен баждарды жойды. Ұсақ мемлекеттерге бұл шара ешқандай пайдасыз, ол тек Пруссия сияқты ірі мемлекеттерге пайдалы болды. Сауданың дамуы, жолдардың, темір жолдардың салынуы құқықтың партикуляризмін басты. Буржуазияға кәсіпкерліктің, сауданың бостандығы керек, ал жұмысшылар да бір-бірімен одақтасқанның жақсылығын түсінді. Азаматтардың, ұйымдардың, мемлекеттердің көбі бүкіл Германияны біріктіру керегін түсінді. Бұл қалыптасқан жағдайда баршасы Пруссияны саяси және экономикалық қолбасшы ретінде көрді.

ПРУССИЯНЫҢ 1850 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ

XVII-XIX ғасырларда Пруссияны қосып алған және үлкен мағынамен дайындаған Германияның солтүстік жағында орналасқан Бранден-бург маркграфствосы мықтап дамыды. 1688-1713 жылы Пруссияны оның бірінші королі Ұлы Фридрих, кейін Фридрих Вильгельм басқарды. 1740-1787 жылдары Ұлы Фридрих Пруссияны біріктірді. Ол Австриядан Силезияны

тартып алып, Польшаны бөлуге кіріскен. 30 жылға созылған соғыстың нәтижесінде ол өзінің аумағын кеңіте отырып, XVIII ғасырда жеке корольдікке айналды. Бұл жерде ерекше полицейлік тәртіп орнады. Бұл кезде Пруссияда өмірдің барлық тараптарында, яғни, қоғамдық және жеке өмірде қызметкерлер мен полицейлердің релі күшті болды. Заңның кіріспейтін жері жоқ еді. Ол тауарды дайындау әдісін белгілеп берді, үйлердегі және қоймалардағы шамдардың қайда тұратынына дейін, тіпті қай жерде қанша шөлмек шарап ішуге болатынына дейін, жаңа тұрмыс құрғандарға қандай заттар берілетініне дейін белгіленді. Полициялық мемлекеттің негізгі принципі азаматтардың жеке құқықтарын терістеу. Саяси юстиция заң жүргізу ісін қолдай бастағаннан мындаған адамдарды өлімге және жер аударуға жіберді. Соттар бұл функцияларды атқара алмады, сондықтан да арнайы комиссияларды шығарды. Жаппай таратулық етек алды, халыққа бақылаусыз, өзінің қарым-қатынасымен көрінген бұл режимді үстем тап пен офицерлер өзінің қорғаны ретінде ұстап тұрды.

Пруссия монархиясы, оның таптық мағынасы және ерекшеліктері. Әкімшілік ұйым көзқарасынан Пруссия Еуропадағы өте дамыған мемлекет деп саналады. Наполеонның үстемдік құрған кезінен кейін оның өкімет басшылығы мемлекет орталығының үлгісі болды. Курфюрстердің империя алқасына кірген Пруссия мемлекетінің басшысы король болды. Король тұсында Жоғарғы мемлекет органын басқарушы шет ел жұмыстары, ішкі істер жұмыстары, юстиция – үш департаментке белінген Құпия Кеңес болатын.

Құпия Кеңеске қаржы, әскери және домен мәселесін қарайтын үш директория бағынды. 1655 жылы әскери жұмыстың директориясына ерекше мағына беретін тұрақты әскери құрамалар ұйымдардан және қарулы әскерді жабдықтаудан құрылды. Пруссия әскері Еуропада өзінің сезімталдығымен және қатал тәртібімен әйгілі болды. Жергілікті басқарушылық дворяндардың өзіндік басқарушылығымен құрылды. Орталық өкіметке бағынған ландттагтарды дворяндар сайлады.

1844 жылдан бастап Германияда саяси жағдай ауырлады. Төңкерісшіл күштер көтеріле бастады: 1844 жылы Силезияда, 1847 жылы Берлин қаласында көтерілістер болып етті. Сондықтан Пруссияның королі Төртінші Фридрих Вильгельм бұл жағдайды реттейтін шара қолданды. 1847 жылы ол ландтаг деген өкілетті органды жинап, оған жаңа буржуазиялық либералдық конституция қабылдасын деп талап қойды. Король бұндай өзгерістерге дайын еместігін керсетіп, ешқандай конституция қабылдамай, ландтагты таратып жіберді. Бұл кезде Францияда 1848 жылғы буржуазиялық-демократиялық революция басталып, Луи-Филипп тақтан алынды. Берлин қаласында жұмысшылардың көтерілісі басталды. Олар қаланың үштен екісін өздерінің қолына алды. Бұл жағдайда Пруссияның королі конституция қабылдаймын деп сөз беруге мәжбүр болды, ол үшін ландтагты тағы жинайтын етті. Конституцияны қабылдау үшін өте күрделі процедуралар дайындалды, Одақтық Сеймді Майндағы Франкфуртта-предпарламент деген ландтагтардың өкілдерінен тұратын органды шақыртатын болып, ал сол орган Германияның Ұлттық жиналысына сайлау өткізуге тиісті, сөйтіп ол

орган Конституцияны қабылдайтын болды. Неміс буржуазиясы осы революциялық жағдайды өзінің басқару рөлін күшейту үшін пайдаланған жоқ. Сондықтан 1849 жылы жаңа жазылған Конституция монархия режимін толық сақтады, федеративтік құрылысты бекітті. Империяның жалпы құзыретіне: сыртқы дипломатиялық қарым-қатынастар, әскер мен флот, кеден саясаты және тұтас ақша жүйесі сияқты мәселелер жататын болды.

Парламент-Рейхстаг екі палатадан тұратын. Жоғарғы палатасына жеке мемлекеттердің өкілдері кірсе, ал төменгісіне жалпы сайлаумен депутаттар сайланатын. Министрлер парламентке жауапты, типтік буржуазиялық құқықтар мен бостандықтар жариялады. Франкфуртта алынған конституция формальды конституцияларға жатты. Екі мемлекеттің корольдері (Төртінші Фридрих Вильгельм, Австрияның императоры) тақтан басын тартты. Олардың: "Бұл тәж емес, құлдың мойынға кигізген қарғысы. Ол төңкерістің крепостнойына айналдырады"-деп айтты. Бұл Конституцияны орындайтын мемлекеттік орган табылған жоқ. Сондықтан Пруссияның королі бүкіл революциялық қозғалыстарды басып, өзінің Конституциясын қабылдады. Ол ұсынған екі конституция 1848 және 1850 жылдары қабылданған. 1850 жылғы конституция өте қызық және басқа мемлекеттерге ықпалын тигізген конституцияларға жатады. Әскери-полицейлік саяси режимді түсіну үшін осы конституцияны оқыған дұрыс. 1850 ж. Конституциялық Хартия халыққа, төңкеріске қарсы салтанатты Хартия болды. Король өз қолына атқару билікті жинақтап алған еді. 43-51-баптарда Корольдің құқығы жөнінде тұжырымдалған: өкімет корольге бағынады, оның әскері және басқа мемлекеттік қызмет саласында адамдарды лауызымды орынға белгілеуі, корольдің соғыс жариялауға құқығы болуымен бірге, бейбітшілік жариялап, шет ел мемлекеттерімен шартқа қол қойып, сол сияқты ол палатаны шақырып, олардың сессиясын жабады деген.

Ландтаг. Ол мырзалар және депутаттар палаталарынан тұрады. Мемлекет полицейлік мемлекетке ұқсас еді, жоғарғы палатасы мырзалар палатасы деп аталып, ол бұрынғыдай ақсүйектерден тұрды. Мырза палатасы қандас принцтер, король отбасымен, Пруссия корольдігінің 4 жоғары сарай мүшесінен, король тағайындайтын өмірлік мүшелерден, олар евангелистік кәсіпорындар ұсынады, ірі мұра байлық иелерінен, 9 университеттің және 43 қаланың өкілдерінен құрылады. Король жасы 30-дан асқан барлық атақты адамдарды шақыра алатын. Депутаттар палатасы. Төменгі палатаға сайлау өте қызық өтетін: 24 жасқа толған Германияның азаматтары өздері тұрған қауымында сайлау құқығына ие болады. Сайлаушылар байлығына, мүдделік жағдайларына сәйкес үш топқа бөлінді: салықтың көп түрін төлейтін сайлаушылар, салықтың жалпы салмасының үштен бір бөлегін төлейтін сайлаушылар, салық аз салынғандар және салықтың жалпы салмасының 2/3 бөлегін төлейтіндер. Әр разряд сайлаушылардың үшінші бөлегін жеке сайлайды да, ал сайлаушылар депутаттарды сайлайды. Байлардың топтарында электорат аз, үшінші кедейлердің топтарында көп. Сондықтан заңдардың алдында азаматтардың бәрі тең деген буржуазиялық принципі бұзылды. Заң шығарушы өкімет

король және екі палаталар бірігіп заңды жүзеге асырады. Қаржы заңының жобасы алдымен төменгі палатаның қарауына жіберіледі, заң шығаруға ұсыныс құқығы екі палатада болды. Король ландагтардың жиналыстарын кідіртуге немесе таратып жіберуге құқық алды.

Жергілікті басқарма. Пруссия провинциялардан, округтерден, уезден, селолық және қалалық қауымдардан құрылады. Провинцияларда бақылау жұмысын орындайтын оберпрезиденттер тағайындалды. Провинциялық кеңестің құрамына кіретіндер: обер-президент, жергілікті жоғарғы әкімшілік лауазымдар, 6 жылға белгіленген ішкі істер министрлері. Өзін-өзі басқару органдары сеймдер және комитеттер. Үкімет айналасында өзіндік басқару органдары болған жоқ. Басқарманы орталық өкімет тағайындады, оны президент басқарды. Ландраггар уезде ерекше орын алды, бұлар үкіметтің тыңшылары, округтік әкімшіліктің және Берлиннің орталық өкіметтің ұсынушылары. Олар обер-президент болып тағайындалады. Ол уездік комиссияның басында тұрады, мемлекеттік жұмыстарға не жатса, соның бәріне бақылау жасайды. Уездік жиналыс ірі байлық иелерінен және селолық қауымнан, жалпы 25000 тұрғыннан 1 депутат тағайындайды.

Сот жүйесі. Сот заңнан басқа билікке бағынбайды. Сот билігі тәуелсіз корольдің атынан жарияланады және жүзеге асырылады. Өмірлік соттарды король тағайындайды. Олардың қызметінен шеттетілуі немесе орнынан алынуы, тек соттың шешімі негізінде ғана мүмкін. Бірінші инстанцияда ұсақ-түйек азаматтық істерді қараған трибуналдар болды, ал екінші инстанцияда, үш белімнен тұратын: азаматтық, қылмыстық, сауда істері жөнінен құрылған округтік соттар болды. Пруссияда жай соттардан басқа азаматтардың себепті әрекеттерін, қызметкерлердің заңсыз жүргізген істерін қараған өкімет пен жеке адамдардың арасындағы барлық дауларды шешкен әкімшілік соттар да болды. Бұлар уездік комитеттер, қалалық комитеттер, округтік комитеттер, Берлиндегі басты әкімшілік соттан құрылды. 1850 жылғы Конституцияның жалпы ерекшелігі осылай көрінеді. Пруссияның осы үлгісіне кептеген мемлекеттер еліктеді, мысалы, Жапония 1889 жылғы Конституциясын қабылдағанда осы конституцияны үлгі етті.

К. Маркс Пруссияның Конституциясына былай деп мінездеме берді: "Сіздер өмір сүре де алмайсыз, өле де алмайсыз, некеге де тұра алмайсыз, хат жаза да, ойлай да, басып шығару да, сауда істерін аша да, оқи да, білім ала да, жиналыс шақыра да, фабрика тұрғыза да, басқа жаққа кете де алмайсыздар, не істеуі керек болса да мемлекеттің рұқсатынсыз істей алмайсыздар". '

Пруссия осы Конституцияны қабылдағаннан кейін өз гегемониясы үшін күресіп, Солтүстік-германдық одақ құрды.

Пруссияның экономикалық дамуы, Даниямен болған соғыстары, халықаралық қатынастардың өзгеруі ХІХ ғасырдың 50-60 жылдары Германияның бірігуіне алып келді. Бірте-бірте Пруссия күшейіп, экономикалық, мемлекеттік, құқықтық және басқа салаларға әсерін тигізіп, өзіне барлық корольдіктерді, герцогтіктерді және еркін қалаларды бағындыра бастады. Бұл процесс "пруссияландыру" деген атақ алды. Ол үшін олар 1866

жылы соғыс бастап, Садовая деген жерде Австрияны жеңіп шықты. Кейін олар Австрияны біріктіру процесінен және одақтан шығарып тастады.

Солтүстік герман одағы. Буржуазиялық даму жолына түсу үшін Германия біріктіру процесін өткізуге тиісті болды. Ол үшін бірнеше себептер бар болатын. Тұрып жатқан халықтардың тілі мен мәдениеті ортақ еді. Ал біріктіру жолының екі әдісі бар: революциялық әдіс және екінші Пруссия қолданған әдіс. Пруссия Германияның ең ірі және мықты мемлекеті. Ол өзінің саяси жүйесі негізінде неміс империясының корпусын нығайтқысы келді. Пруссияның әскерлік аппараты мемлекеттік билікті дұрыс қолданып, Германияның біріктіруін бастады. Бұл процесте өте мықты рөл Отто фон Бисмарк деген адамның қолына көшеді. 1866 жылы Австрияны қиратқаннан кейін Пруссияның басқаруымен Солтүстік одақ құрылды да, басқа мемлекеттер Пруссияның басшылығына көнді. Кейбір Ганновер, Нассау сияқты неміс мемлекеттерін қосып алған Пруссия-ның өзі. Солтүстік одаққа батыс және оңтүстік неміс мемлекеттері кірді. Бұл одақтың тірегі Пруссияның экономикалық және әскери күштері еді. 1867 жылы одақтың Конституциясы бекітілді. Бұл конституция 1849 жылы Майндағы Франкфуртта қабылданған Конституцияға ұқсас. Бұл одақтың басында Пруссияның королі тұрды, ал канцлер деген қызмет орны жаңадан пайда болды. Канцлер – Пруссияның бірінші министрі. Парламент екі палатадан тұрып, рейхстаг сайлау жолымен құрылатын. Бұл одаққа тек оңтүстік неміс мемлекеттері қосылмай қалды, өйткені оларды Франция қорғады. Пруссия сияқты үлкен және күшті мемлекеттің саясатына қарсы келіп, Германияның күшеюі Франция үшін пайдалы болған жоқ. Пруссия Францияға қарсы соғыс ашу үшін себеп іздестіріп, 1870 жылы соғыс басталды. Бұл соғыс Бисмаркке де, Ш-Наполеонға да керек еді. Наполеон арандатушылыққа алданып, соғысқа қатысуға мәжбүр болды. Соғысты бастаған Франция болғандықтан, Германия үшін бұл әділетгі соғыс еді. Францияны 1871 жылы жеңіп, Пруссия қашаннан қызығып жүрген оңтүстік герман мемлекеттерін өзіне қосты. Олар Германия империясына кіруге келісімін берді және Франция Германияға 5 млрд. франк контрибуция төлейтін болды. Соғыс аяқталған соң бірнеше айдан кейін Герман одағы екінші Герман империясына айналды.

1871 жылғы Конституция

Бұл Конституция бойынша Германия федерацияға ауысты. Оның құрамына 22 монархия (4 корольдік, 18 герцогтіктер мен графтіктер), 3 қала Любек, Бремен, Гамбург кірді. Бұл конституция бойынша Германия сыртынан парламенттік монархия болғанымен, неміс халқы Пруссия юнкерлері әрекетінен ең реакциялық таптың үстемдігін сезді. Бұл имперлік конституция мемлекеттердің шиеленіскен және шатысып қалған құқықтық тәртібін бір арнаға келтіре алған жоқ. Ол халықтың өкілдігін одақтық мемлекетте теңістіре алмады, сословиелік айырмашылықтар мен айрықша құқықтарды жойған жоқ. Сондықтан да германдық империя полицейлік-бюрократтық империя болды. Жетекшілік жағдайды Пруссия астана етіп Берлин қаласын бекітті.

Бұл Германия федерациясының ерекшеліктері өте көп еді, жалпы федеративтік органдардың билігі өте күшті, ал субъектілердің құқықтары бір біріне тең емес болатын. Одақтық Кеңеске қатысқан депутаттар парламенттердің емес, өкіметтердің өкілдері. Германияда жалпы империялық әкімшілік болған жоқ, қабылданған жалпы заңдардың орындалуы империя мүшелерінің қолында болды. Бұл конституция Германияның солтүстік одақтың конституциясына ұқсас. Бірақ король бүкіл федерацияның басшысы емес, ол мұрагерлік монарх. Федерация субъектілерінің саны көбейді. Бұл федерацияға Эльзас және Лотарингия кірді.

Император (кайзер) – Пруссияның королі – Бірінші Вильгельм империяның халықаралық жағдайдағы өкілі, империяның атынан соғыс және бейбітшілік жариялайды, одақтың әскерлерін басқарады, шет мемлекеттердің елшілерін қабылдайды және олармен шарт құрады. Ол одақтық Кеңестің мәжілісін шақыртып, ашып жабатын. Император ешкімнің алдында жауапты емес, орнынан алынбайды және канцлерді, жоғарғы қызметкерлерді тағайындайды, империяның заңдарын жариялайды. Канцлерден азаматтық, әскери, әскери-теңіз кабинеттері имперлік функцияларын атқаратын.

Бундесрат-Одақтық кеңес парламенттің жоғарғы палатасы, өкілдер корпусы. Оның мүшелері өз мемлекеттеріндегі өкімет өкілдері. Олар арнайы императордың жанына жіберілген. Бундесратта 59 адам болды. Олардың 19-ы Пруссиядан жіберілген еді, кейінірек олардың саны 61-ге жетті. Бірақ Пруссия бұрынғыдай 19 мүшесін жіберіп тұрды. л мемлекеттік орган неміс ұлтының егемендігін көрсететін әрі әкімшілік, сот және заң шығару функцияларын атқаратын орган болатын. Оның атқарған функциялары Рим мемлекетінің Сенатына өте ұқсас. Ол басқа органдарға берілмеген функцияларды атқарады. Бұл Герман империясының ең маңызды органдары еді. Ол заң шығару функцияларын басқарады, заңның жобалары бундесраттан өтті, рейхстагқа түседі.

Әкімшілік функциялары көбіне бақылау қызметімен шектелетін, Германияда бұл бундесраттың әкімшілік функциясы мынандай принциппен бөлінген, басқа мемлекеттік органдар заң атқару жұмысында заңның кемістігін тапқан жағдайларда, бундесрат оларды шешеді. Империялық қызметке кейбір жоғары қызметкерлерді, мысалы, санау палатасының мүшелерін, зейнетақы мәселелерін басқаратын қор мүшелерін, империя банкінің дирекциясын тағайындайды. Император соғыс ашқан жағдайда бундесрат келісімін беруге тиісті.

Сот функциясы. Империяның субъектілеріне сот органдары ісін шешуден басын тартқан жағдайларда және бұл істі шешу үшін заң жоқ деп дәлелдесе, бұл істі осы бундесрат қарайды. Және одақтың субъектілерінің арасында туған таластарды бундесрат апелляция, шағым арыз инстанция ретінде қарауға құқығы бар.

Одақтық кеңестің құрамы: төрағасы-империяның канцлері, ол Пруссия мемлекетінің 19 өкілі арқылы тағайындалады. 3 комитет бар: Эльзас-Лотарингия істері бойынша, конституциялық және күн тәртібі комитеті, 8 комиссия: құрылықтағы әскерлер мен нығайту, теңіз істері, салық және баж,

сауда және коммерция, темір жол, пошта және телеграф, әділеттік және санақ комитеттері.

Рейхстаг (397 адам) сайлауына жұрттың бәрі қатысатын. Сайлау тікелей және құпия ететін. 131 мың адам бір депутатты сайлайды, барлық депутаттардың 236-сы Пруссиядан сайланатын. Рейхстаг 3 жылға сайланады, сайлауға 25 жасқа жеткен ер адамдар қатысады. Рейхстаг мәжілістеріне император шақыртылады, ол жылына бір рет шақырылып, қызметін ашық істеуге тиісті. Рейхстаг президентті және екі вице-президентті өз мүшелерінен сайлайды. Рейхстаг неміс халқының өкілі, ол заң шығару процесіне қатысады, басқа мемлекеттік органдардың жұмысын тексереді, әкімшілік бұйрықтарға санкция береді. Рейхстагтың мүшелері істеген қызметіне жалақы алмайды.

Ол салық мәселерінің бәрін шешіп, өкіметтің қызметін сынауға құқылы. Бірақ министрлер Рейхстагтың алдында жауапты емес. Олардың ең маңызды құқығы-бюджет бекіту. Екі палатаның құқықтары тең, екеуінің де заң шығару бастамасы бар, заң қабылдау үшін екі палатаның келісімі керек. Негізінде Рейхстаг ең күшті саяси трибунаға айналды, оның мәжілістері ашық өтетін, депутаттардың айтқан сөздері баспасөзге шығатын. Депутаттардың талаптары (30 депутат қол қойса) мемлекеттік хатшыға беріліп, өткір дискуссия көтерген жағдайлар да болды.

Жалпы империялық маңызды мәселелер мыналар – қоныс аудару бостандығы, азаматтық құқық, кеден және сауда заңдары, салмақ өлшемін белгілеу, қағаз ақша шығару, банктердің жағдайларын реттеу, патент беру, автордың жеке меншік құқығын қорғау, Германияның саудасын шетте қорғау, темір жол, почта, телеграф, қылмыс, сот және азаматтық заңдар, әскер және флот, пресса туралы және т. б.

Империяның сол кездегі канцлері – Бисмарк. Канцлер императордың бірінші сенімді адамы, оны императордың өзі тағайындайды, ол мемлекеттің басшысы сияқты, император мен рейхстагтың арасында тұрған лауазым иесі. Ол тек императордың алдында ғана жауапты. Ол жалғыз имперлік министр, барлық имперлік министрліктерді басқарады, олардың басшыларын өзі тағайындайды. Олар канцлерге бағынады. Рейхтың ішкі және сыртқы саясатын басқаратын канцлер. Канцлер империяның әкімшілігінің қайнар көзі, оған әкімшілік, қаржы және сот ведомстволары бағынады. Канцлер саясатты, әскерді, патенттерді, азаматтық және қылмыстық құқықтарды басқарады, бірақ оның ең маңызды қызметі – алынған заңдарды орындату.

Эльзас пен Лотарингия Германияның құрамына ерекше империялық аудан ретінде кірді. Оларды орталықтан тағайындалған обер-президент басқарды. Германияның 1871 жылғы Конституциясына түзетулер өте жеңіл жасалынған. Ол үшін Рейхстаг және Бундесраттың шешімі керек еді. Бірақ бұл түзетуді жою үшін Одақтық Кеңесте 14 дауыс болуы шарт. Бұл Конституция Германия үшін жақсы прогресивтік өзгерістер алып келді. Бұл өзгерістер орталық федеративтік биліктің күшеюімен байланысты болғаны да белгілі. Орталық биліктің, Пруссияның позициясы мен рөлі күшейді,

Германия жалпы бір орталыққа бағынған мемлекетке айнала бастады. Бүкіл империяның жағдайы Пруссияның мүддесіне сәйкес келді. Германияны біріктіру өнеркәсіптің дамуына әкелді. Ол экономиканың дамуы жөнінен Англияны қуып жетті, капиталистік қанқұмарлардың алдыңғы қатарына шықты. Осы кезде Германияда бірнеше саяси партиялар құрылған еді. Консерваторлардың партиясы ірі жер иеленушілер мен шаруалардан тұратын. Өнеркәсіптік буржуазия үшін ұлттық либералдық партия құрылды. Бұл оң жағы, ал сол жағы прогрессивтік партия, бұл жұмысшылар мен ұсақ буржуазиядан тұратын. Жұмысшылардың өздерінің социал-демократиялық партиясы болды. Оның саны және абыройы жылдам көтерілді. Бұл партия сайлауға қатысатын. Оның өкілдері 1871 жылдан 1903 жылға дейін 1 депутаттан 81 депутатқа дейін есті.

Индустриалдық даму. Германиядағы жұмыскерлер қатарларын көбейтті. Олардың арасынан германдық социал-демократия пайда болып, сол партияның арасында басшы партия рөлін атқарды. Ол дүние жүзіндегі пролетарлық қозғалыстың жетекшісі болып табылды. 1877 жылы социалистер үшін жарты миллион адам дауысын берді. Бисмарк жұмысшы қозғалыстарына қарсы шығып, қылмыстық және әкімшілік шараларды қолданды. Бисмарк бонапартизм әдісін пайдалана бастады. Ол Рейхстагты рейхсратқа қарсы салды, ал оларға қарсы Бас штабты қойды, Пруссияның абсолютизм режимін қорғап, полицейлік аппаратты күшейте бастады. Ол саяси бостандықтарды, қоғамдық және діни ұйымдарының қызметтерін шектеді. 1878 жылы ол социалистерге қарсы төтенше заңды рейхстагтан еткізді. Бұл заң социал-демократтардың ұйымдарын, жиналыстарын, кітап басу жұмыстарын шектеді. Бұл заң бойынша мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа қарсы шығатын ұйым қатысса, ол мекеме социал-демократиялық, социалистік және коммунистік саясаттарды қолдаса, түрмеге қамалады және ірі айыппұл төлейді. Бұл заң бойынша Германияның өкіметі 1500 партия мүшесін түрмеге қамады, 900 адамды Германиядан жер аударды, партияның 1300 кітап баспасы жабылды, бірақ осы шаралар күткен табысты әкелген жоқ. 1881 жылы социалистерге 1877 жылмен салыстырғанда дауыс берген адам кем болды. Бұл өзгерістер Бисмарктың заңын бұзды, сол заңмен бірге саяси сахнадан Бисмарктің өзі де кетуге мәжбүр болды.

Бисмарктің режимі жаңа жағдайда ескі әдістерді бұрынғыша тиімді, пайдалануға жеткізе алмады. Бисмарк саяси сахнадан кеткеннен кейін ол құрған режимді ырықтандыру бастады. Социал-демократтар өздерінің газет-журналдарын басты, демонстрациялар мен жиналыстарды өткізетін бодды. Олардың рөлі рейхстагта да көтерілді. Мемлекеттік аппарат жаңарып, монополистік капиталдың мүддесін қорғайтын бодды. Герман империясы 50 жылдай өмір сүрді. Оның табысты соғыстары милитаристік сананың, Пруссия әскери күштерінің және бас штабтың нығаюына әкеліп соқты. Бас штаб, Бисмарк Пруссия юнкерлерінің және ұлттық буржуазияның мүддесін қорғады. Сыртқы саясатта бұлардың мүддесі жалпы болатын, ал ішкі саясатта екі басшы топтардың арасында қайшылық бас-іалды. Өкіметтің

диктаты буржуазияны шаршата бастады, сөйтіп оның өкілдері рейхстагта оппозиция құруға кірісті.

Германия империализм кезеңіне ХІХ ғасырдың аяғында көшті. Бұл мемлекетте индустрияның даму ырғағы өте жоғары болатын, монополиялар мен қаржы олигархиясы жылдам пайда болды. Өнеркәсіп пен капиталдың бір жерде жиналуы капитализмнің құрылысын өзгертті. Өнеркәсіп капиталы банкілер капиталымен жылдам қосылып, қаржы капиталы пайда болды. Мемлекеттің экономикасының бәрін өзіне қаратқан осы капитал. Пруссияның капитализмде дамыған өзінің ерекше жолы болатын. Германия аудандары дамуының көп ерекшеліктері болды. Ауданда ірі помещиктердің жер иеленушілігі сақтала берді. Крепостниктердің, помещиктердің шаруасы бірте-бірте буржуазиялық шаруаға айналды. жаңа буржуазиялық жағдайға үйренді. Ескі феодалдық шаруашылық жаңа юнкерлердің шаруашылығына ауысты. Шаруалардың арасында "гроссбаур" деген бай, ірі шаруалар пайда болды, бірақ шаруалардың жағдайлары нашарлады.

Германияның капитализмін буржуазиялық юнкерлік капитализм деп атайды. Бұндай капитализмнің қалыптасуына бірнеше себептер болды. Германия басқа Еуропа мемлекеттерінен соң капитализм жолына тұрды. Оның буржуазиялық реформаларын крепостниктік, саяси бытыраңқылық және мемлекеттік аппараттағы феодалдық-консервативтік қалдықтар шектеді. Неміс буржуазиясы өте бос және қорқақ еді, сондықтан Германияны біріктіру оның қолынан келген жоқ. Германияда жұмысшылар көп әрі мықты ұйымдасқан еді, сондықтан олар өздерінің құқықтарын жақсы қорғайтын. Бұл Германияда әлеуметтік заңдардың дамуына тікелей ықпал жасады. Буржуазия өзінің әлсіздігін түсініп, банкирлермен одақтасып, бірігіп жұмысшыларға қарсы шықты да, юнкерлердің өткізген саясатымен келісті. Ауылдық жерде капитализмнің дамуы баяу өтті, помещиктер ірі жер үлестерін жеке меншікке сақтай берді. Олар шаруашылығын жаңа жағдайға қарай әрең бейімдей бастады.

Пруссияның жолын "Ауылдағы капитализмнің дамуы" деп атады. Помещиктердің ауыл шаруашылығы да бірте-бірте буржуазиялық, юнкерлік әдіске көшті, көп шаруалар ауыр экспроприацияға ұшырады.

Ал юнкерлер мықты әскері, полициясы күшті мемлекет құрғысы келді, бұл саясат буржуазияның тонау саясатына сәйкес еді. Сондықтан Герман мемлекетінің әскері мен флотының күштілігі, оның әскери сана-сезімі басып алушылық саясатына алып келді. Империяның бюджет ақшасының көбі әскерге жұмсалатын, 1888 жылы Бисмарк әскерде өзгерістер жасап. Германияның барлық ер адамдары 17-45 жастағы ландштурмға жазылды. Әскерлік дайындаудан өткен ландвер тізімдеріне кіретін. Бұл өзгерістер халықтың әскери дайындығын жақсартып, әскердің мобилизациясын көтерді. Германия полициясының дамуы өте жоғары деңгейде болатын, имперлік өкімет оған да көп қаржы жұмсайтын.

Германия империализмі юнкерлік-буржуазиялық империализм болып табылады, бұл жағдай неміс буржуазиясының қорқақтығына, Германияның бірлесуіне байланысты. Қорқақ неміс буржуазиясы саяси сахнаға кеш шықты

және күшті, жақсы дайындалған пролетариатпен кездесті. Ол радикалдық іске дайын болмағандықтан, юнкерлермен одақтасып, өзінің мүддесін солай қорғағанды дұрыс деп санады. Юнкерлер саяси басқаруды қолына алып, әскери-полицейлік мемлекет құрды. Азаматтардың көбі әскерге алынды.

Германияның бірінші дүниежүзілік соғысты бастауы саяси режимінің өзгеруіне маңызды себеп болды. Ресей мен Франция қарсы шыққаннан кейін онда әскери диктатура режимдері құрала бастады. Бұл режим Германияның монополистік капиталының ең агрессивтік топтарының мүдделеріне сәйкес болатын. Бұл өзгерген жағдайда әскери мәселе туралы алынған заң көмектесті. Бұл заң бойынша биліктің бәрі әскери округтерді басқаратын адамдарға берілді. Пруссияда және басқа жерлерде қылмыстық құқықтың нормалары қатайды, жаңа әскери соттар пайда болды. Әскери цензура бүкіл театрларды, баспасөзді бақылайтын. 1914 жылы Рейхстаг "Өкіметке төтенше құқық беру" туралы заң қабылдады. Бұл заң бойынша мемлекеттік монополистік өнеркәсіптер құрылып, олар бағындырып алған жерлерді тонайтын болды. Әскери диктатураның билігі одан да күшейе түскен кез 1916 жыл. Император генералдарға саяси және мемлекеттік басқаруды берді. Кайзер мен канцлер әскерді басқару билігін соларға бергеннен кейін монархия тағы екі жылға сақталған болатын. 1916 жылы Отанға көмек ретінде істелген әскери қызмет заңдары бойынша халықтың бәрі әскерге шақырылып, империяның шаруасы әскери басқаруға кешті. Бірақ Германияның әскерінің стратегиясы мен ішкі жағдайы нашарлай берді. Оның әскері Ресей, Франция, Британия, АҚШ өскерінен қалған еді. Осы өзгерістердің бәрі төңкерістік процестерді тездетіп, мемлекеттің саяси режимінің өзгеруіне әкеліп соқты. 1918 жылы Конституцияға қосымша түзету жасалды да, император билігінің бәрін жоғалтты. Канцлер, мемлекеттік хатшылар, басшы штаб рейхстагқа бағынатын болды. Енді кабинет корольге бағынбайтын болды, бірақ бұл өзгерістер монархияны сақтай алған жоқ. 1918 жылы Вильгельм-II тақтан бас тартты.

1867 жылғы Австро-Венгрия келісімі. Австрия XIX ғасырдың ортасына дейін Германия мемлекеттерінің одағын басқарды. Пруссия мен Австрияның арасында Германияны басқару үшін әлдеқашаннан келе жатқан күрес жүріп жатқан. Неміс жерлерінің бытыраңқылығы мемлекеттердің саяси, экономикалық діни бөлектігіне әкеліп соқты. Австрия жағында Пруссияны жек көретін Дунай жағасындағы оңтүстік Германияның католик мемлекеттері болса, Пруссияның Солтүстігінде протестанттық халықтар тұратын. Австрияда XIX ғасырда 37 млн. адам тұрды. Олардың арасында немістер, славяндар, венгрлер болатын. 1866 жылы Австрия Пруссиямен соғысып, Садовая деген жерде жеңіліп қалды. Сонымен, ол Германия мемлекеттері арасында атқарған жетекшілік рөлінен айырылды. Енді неміс мемлекеттерінің арасындағы белсенділік Пруссияның қолына кешті. Неміс мемлекеттері барлығын бір орталыққа Пруссия біріктіреді деп санады. Габсбург сарайының принцтеріне өздерінің шекараларын Шығыс-оңтүстікте славяндар мен германдардың жағында кеңейтуге Австрияның басқару жағдайлары кедергі жасады. Ал енді олар Богемия мен Венгрияны өздеріне

косты. 1525 жылы Венгрияны Бірінші Фердинанд басқарып тұрған кезде бұл мадьярлардың мемлекеті болатын. Бұл халық түрік халқы, олар шығыс әдеттерін сақтап келген, мінез-құлық, әдеттері түркілерге өте ұқсас еді. Рим империясы құлағаннан кейін олар варварлардың шабуылына ұшырады. 1889 жылы Венгрия Аркадий Жаулап алушының иелігіне кешті. 1000 жылы герцог Вайк Сильвестр екінші рим папасының қолынан апостол король деген атағын алды және Стефан деген атпен өзінің династиясын-әулетін құрды. Бұл әулет 1301 жылға дейін созылды, ал 1526 жылға дейін таққа түрлі әулетгердің корольдері отырды. 1453 жылы түріктер Константинополь қаласын басып алды да, Венгрия 1526 жылы солардың билігіне көшті. Венгрияның королі Людовик сол соғыста өлді, Венгрияны Әдемі Сулеймен деген патша басқаратын болды. Людовиктің Мария деген әйелі Австрия королінің туған қарындасы болатын, Фердинанд екеуінің балалары болмағандықтан, Австрияның королі таққа Габсбурггердің принцін отырғызды. Венгрия Австрияға тәуелді болды.

1848 жылдан 1867 жылға дейін Трансильвания және Славония Австрияның жерлері деп саналатын. Босния мен Герцеговинаға Австрияның протектораты 1878 жылы құрылған, Галиция мен Далмация 1797 жылдан Австрияның жерлері деп саналады. Австро-Венгрия тек австриялық және венгр халықтық құқықтарымен санасты. Славяндар, немістер, мадьярлар бір еді, олардың тарихы, тілі сақталды. Бұл одаққа италяндар, хорваттар, сербтер, румындар, еврейлер кірді. Осы ұлттардың арасында тек чехтердің ғана жерлері болды, басқаларында болған жоқ.

Венгрияның тарихы ерекше тарих, оның халқы өзінің бостандығы үшін көп күресті. Ол көп уақыт тек бай, атақты адамдардың құқықтары бар мемлекет болатын. Саяси бостандық оларда ертеден пайда болды. 1221 жылы олар Андрей королінен Алтын Булла деген құжатты алды. Бұл құқықтық акт Ұлы Еркіндік Хартиясына ұқсас еді. Бұл құжат король әскерінде істейтін қызметті шектеп, салық пен төленетін басқа салықтарды реттеді, пэрлердің соттарын құрды, сот пен әкімшілікте тәртіп орнатты. Ақсүйектерге тиранияға қарсы күресуге құқық берді, сонымен, ақсүйектер корольді шектеп, өздерінің құқықтарын оған сыйлатты. Король маңызды мәселелерді шешу үшін оларды рейхстагқа шақыратын болды. Осындай жеңілдіктері бар феодалдар Австрияның Габсбургтеріне де қарсы шыға алатын.

Фердинанд-I Венгрия тағына отыратын құқықты тек оның Конституциясын бекіткеннен кейін алды, тек 100 жылдан кейін ғана Венгрияның тағы Австрияның мұрасына берілді. 1867 жылы қарулы көтеріліске қатысу құқығы жойылды.

Австро-Венгрияда 1848 жылғы революция өте өткір күрес жағдайында етті, ол тек Ресейдің көмегімен өзінің кең жерлерін сақтап қалды. Революция Меттернихты саяси сахнадан жойды. 1866 жылы Австрияны Пруссия өзшің одағынан шығарып тастағаннан кейін, ол қалған субъектілерін сақтап қалу үшін оларға қандай болсын бостандық беру керегін түсінген еді. Кедей, жігерсіз, әлсіз халықтарды өзіне бағындырғаннан не пайда? Картадан

істелген үй сияқты империясын сақтау үшін ол Чехия және басқа субъектілерге жергілікті мәселелерді шешуге шектелген құқық берді. Шаруалар жеке және мүліктік бостандыққа ие болды. Бірақ Австрияның қарауында славян мемлекеттері де болатын, олардың қатарына Чехия, Моравия, Словакия, Хорватия, Далмация, Силезия, Буковина, Галиция, Италияның солтүстігі, Ломбардия және Венгрия кіретін.

1867 жылы империяның Конституциясы қабылданып, бұл одақ екі мемлекет Австрия мен Венгрияны құрды. Бұл Конституцияның қабылданғаны империяға либералдық, саяси нысан берді. Бұл келісім бойынша Венгрияның автономиясы бекітіліп, ол өзінің мемлекеттік мәртебесіне ие болды. Осы екі біріккен мемлекеттің басында Австрияның императоры тұрды, ол Венгрияның королі деп саналды. Венгрияның өз парламенті, Конституциясы бар еді. Дворяндар мен буржуазия өздерінің құқықтарын кеңейтті, бірақ бұл жоғары таптардың келісімдері халықтың жағдайларын өзгертті. Австрия-Венгрияның өзара байланыстары мен міндеттемелері былай реттелді: одақтың жалпы құзыретіне сыртқы саясат, әскери қорғаныс, қаржы мәселелері жататын, ол үшін жалпы имперлік өкімет құрылды. Оған үш министр – шет, әскери және қаржы министрі кіретін.

Делегация деген жоғарғы имперлік орган қалыптасты, оған империяның өкіметі бағынатын. Ол 60 адамнан тұратын, олар: магнаттар, мырзалар және депутаттар болып үш палатаға бөлінетін. Делегация мәжілістерін Вена және Будапешт қалаларында қатар ететін. Олар қаржы мәселелерін, жалпы империяның мәселелерін қарайтын, палаталар мәжілістері бөлек өтетін. Палаталардың арасында қарым-қатынас жазбаша жүруші еді. Сондықтан, Делегацияның процедуралары өте баяу жүргізілетін.

Император-король – Австрияның императоры, Венгрияның королі. Оған басқару аппараттың бәрі бағынады, оның вето құқығы бар. Австрия мемлекетінде император әкімшілікті басқарды, рейхсраттың өмірбойы қызмет істейтін мүшелерін тағайындап, заң шығару жұмысын тексерді, кешірім жасау, есіркеу құқықтарына ие болатын.

Министрлік министр, президент және 7 департаменттің бастығынан тұратын ішкі істер, ұлтты қорғау және діни қауымдар, сауда, егін шаруашылығы, қаржы, әділет, темір жол сияқты департаменттер еді. Министрлер императордың кеңесшісі ретінде қаралды, олар императордың бұйрықтарын орындап, жалпы имперлік қызметті атқарды. Министрлер рейхстагтың алдында жауапты болатын.

Рейхсрат екі палатадан: мырзалар және өкілдер палаталарынан тұратын. Біріншісіне корольдің жақын туысқандары, архиепископтар, епископтар, жоғары ақсүйектер, өмірбойы сайланған мүшелер жатады. Бұл құрметті король ғылымда, шіркеудің қызметінде, өнерде жоғары табысқа жеткен адамдарға беретін. Екінші палатаға депутаттарды 6 жылға ірі жер иеленушілер, қалалар, селолық қауымдар сайлайтын. Екі палатаның құқықтары тең.

Ландтагтар жергілікті сеймдер, оларды король шақыратын.

Венгрия мемлекетінің мемлекеттік құрылысы Австрияға ұқсас. Корольдің құқықтары айтқандай, министрлердің саны 9, оларда қосымша министр-президент, министрлер палаталардың мәжілісіне қатысады.

Сейм магнаттардан және өкілдердің столы деп аталатын екі палатадан 5 жылға сайланады. Магнаттардың столы 3000 флорин жерлік салық төлейтін мұрагерлік пэрлерден, рим және грек шіркеулерінің өкілдерінен, король тағайындайтын мүшелерден және Кроация-Славониядан 3 делегат және эрцгерцогтар тұрады.

Жергілікті басқару: мемлекет облыстарға бөлінді, оларды жергілікті жиналыс пен президент басқарды. Өзін-өзі басқаратын қалаларда президенттер болатын. Осы Австро-Венгрияның дуалистік монархиясы бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанша сақталды.

2. Жапониядағы буржуазиялық революция. 1889 ж. Конституция.

Мэйдзи революциясы.

XIX ғасырдың 60-жылдарында Жапония халқының жағдайы бір ауырлаған кез болды. 1867-1868 жылғы буржуазиялық революцияның алдында Жапонияда таптық күрес күшейе түскен еді. 1866 жылы шаруалардың 17 ірі көтерілісі болса, бір жылдан кейін сегунның билігі жойылып, көтерілістердің саны 48-ге жетті, ал 1870 жылғы көтерілістің саны-31, 1873 жылғысы-36. Осы революциялық көтерілістерге мыңдаған адамдар қатысты. Осынау көп ауқымды толқулар буржуазиялық революцияның басталғанының айқын дәлелі болатын.

Жапонияда императордың билігі формальды түрде ғана еді, ал шын мәнінде билік сегунның қолында жиналған еді, ол бакуфу деген ставкасынан Жапонияны басқарып отырды. Мемлекетті ірі дайме деген феодалдар бөліп алған, олар Токугава деген сегунға тәуелді еді. Сегун бүкіл феодалдық әскерлерді басқарды. Оның қызмет орны мұрагерлікпен берілетін. Төңкеріс кезінде Жапонияны Токугава сарайының сегуны басқарды. 1867 жылы Жапонияның сегуны Иэмоти және императоры Комэйки қайтыс болғаннан кейін императорлық орынға қойылған 14 жастағы Муцухито еді. Жапонияны Кэйки империяның шын императорына берілсін деп ультиматум қойды. 1869 жылы азаматтық соғыс басталды, Токугава руы жеңіліп, сегун басқару процесінен ығыстырылды да, Жапонияны жас император басқара бастады. Осы өзгерістер Мэйдзи төңкеріс деп аталып, ал бұл дәуір Мэйдзи дәуірі деп аталатын болды. Бұл революцияның белгісін билік дайме мен сегуннан жартылай феодалдық помещиктерімен буржуазияның одағына кешті. Бұл одақты да басқарғай Жапонияның императоры. Император прокламация қабылдап, халыққа өзінің саясатын мәлімдеді, оның уәделерінің ішінде халық жиналысын жинаймын, елдің пікірімен санасамын, жаман әдет-ғұрыптарды жоямын, әділетті сотты құрамын деген сөздер бар еді. Жапонияның жаңа үкіметі сол императордың туысқандарынан тұрды, бірақ самурайлар өздерінің билігінен жылдам айырыла қойған жоқ.

XIX-ғасырдың 70 жылдарында Жапонияда буржуазиялық реформалар жүргізіліп, елді басқару орталықтандырыла бастады. Феодалдық бытыраңқылық жойылды да, феодалдық ұсақ князьдардың мемлекеттерінің орнына астаналық үш префектура Токио, Киото, Осака құрылды. Бәріне ортақ ақша енгізілді, пошта, кеден шекаралар жойылды. Бұл шаралар феодалдық князьдардың биліктерін шектеп, капитализмнің дамуын нығайтты. 1872 жылы Жапония жұртшылығы: жоғары дворяндар ақсүйектер, (кадзоки), самурайлар (сидзоку) және қарапайым халық (хэймин) болып үш тапқа жіктелетін. Жалпыға бірдей әскери міндеттілік негізінде императорға бағынатын тұрақты әскер құрылды. Бұл өзгеріс самурайлардың бұрынғы ықпалын әлсіретсе де, толық жойған жоқ. Олар мемлекеттік тұлғалар ретінде қызмет етгі, қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша әскер мен флотты екі княздіктің өкілдері: Сацуманың адамдары-флотты, Тесю-әскерді бөліп басқарды. 1873 жылы Токио қаласында Әскери академия ашылып, онда ағылшын және француз офицерлері сабақ бере бастады. Жапонияның әскерлері Еуропа әскеріне ұқсас құрылса да, оның әскери дәстүрлерін құрайтын самурайлардың әдет-ғұрыптары болатын. Синтоизм, бусидо, патернализм саналары кеңінен қолданылды. Осы кезде Жапонияда бірыңғай валюта иена енгізілді. Император астанасы мүлгіген ортағасырлық Киотадан Токиоға көшірілді.

Князьдар мен әскери сословие – самурайлардың жерге феодалдық иелігі жойылды. Жапонияда 1872-1873 жылдары аграрлық реформалар болып өтті. Енді жерді еркін сату мүмкіндігі туды. Жерге іс жүзінде кімде-кім қожалық етсе, ол соның меншігіне қалады. Бұл реформаның прогрессивті жағы ол феодал таптардың жермен айналысатын монополиясын жойды. Жыртуға жарамды жердің үштен бір бөлігі помещиктердің, ал қалған үштен бірі көпестер мен өсімқорлардың қолында қалуы осы реформаның нәтижесі. Шаруалардың көбі жер иеленушілерге айналды, бірақ олардың жері тым аз болатын. Бірақ бұл реформа өткеннен кейін бір жарым миллион шаруаның отбасы жерсіз қалды, олар помещиктерден жерді жалға алғаны үшін егін түсімінің 50-80 процентін беріп отырды. Енді жер жеке меншігінде бел ала бастаған принциптер буржуазиялық принциптер еді.

Реформалар капиталистік мемлекеттің және жеке меншік кәсіпорындардың тез өсуіне жағдай туғызды. XIX ғасырдың 80-жылдарында Жапонияда өнеркәсіп жылдам дами бастады, революциядан кейінгі бірінші онжылдықта 500-дей жаңа кәсіпорын пайда болды. Жеке меншікті дамыту үшін өткізе бастаған тамыр-таныстық, жең ұшынан жалғасу, ол үшін жоғары мемлекеттік өнеркәсіптер ақсүйектерге және ірі буржуазияның өкілдеріне сатыла бастады. Бұл жағдай монархия мен буржуазияның одағының құрылуына әкеп соққаны белгілі. Үкімет әскер және флот үшін қызмет істеген кәсіпорындарға белсенді көмек берді және байланыс, көлік жүйелерінің дамуына мықты кірісті. Бірақ Жапонияның буржуазиялық реформалары аяқталмаған реформаларға жататын. Оның негізгі себебі - Жапония буржуазия табының әлеуметтік көзқарастарында. Буржуазия феодал таптарымен одақтасып, халық бұқарасына қарсы шықты. Бірақ сонда

да капиталистік мемлекеттің және жеке меншік кәсіпорындардың тез өсуіне жағдай туғызған осы реформалар. Халықтан салық ретінде жинап алынған ақшаға зауыттар, кеме жасайтын орындар салынды. Олар кейін өз құнының 20-30 процентіне жеке меншік фирмаларға берілді. Жапонияның бір орталыққа бағынатын мемлекет болуы Жапон ұлтының құрылуына ықпалын тигізгені сөзсіз. Жапония енді феодалдық кезеңнен буржуазиялық даму сатысына көшті.

Буржуазияның жағдайы бірте-бірте нығая түскені де айқын еді. Самурайлар бұл жағдайға қарсылық көрсетіп, бірнеше рет көтеріліс ұйымдастырды.

Жапонияда ірі реформалардың басталғаны Мэйдзи ғасырына дейінгі кезең. Феодалдық тәртіптердің көбі өзгеріске түсті де, ішкі кедергілер жойылып, натуралдық салықтың орнына ақшалай төленетін салық енгізді, сауданың, маманның және тұрған орнының бостандығы жарияланды.

Министрлер кабинетінің құрылған уақыты 1885 жыл, ол үшін Еуропа мемлекеттерінің тәжірибесін үлгі ретінде қолданды. Енді Жапония біртұтас ұлттық мемлекетке айналып, феодалдық бытыраңқылық, сепаратизм, жергілікті шектелу жойылды.

Жапонияның экономикалық өзгерістері көбіне ауыл шаруашылығында өткен болатын және жер реформасына байланысты еді. Сонымен бірге басқа сфераларда да өзгерістер басталды. Ол өзінің тәуелсіздігін тиянақты қорғады. Жапония ашық мемлекетке айналса да, шетел капиталының келуін бетімен жіберген жоқ. Ол отар елге айналғысы келмеді, сондықтан басқа мемлекеттердің ақшасын тек сауда мен көлік салаларында ғана қолданатын. Жапония өзінің өнеркәсібін шет мемлекеттердің билігінен сақтады, мемлекетке керек өнеркәсіптерге субсидия беріп, ұлттық экономиканы дамытты. Бұл төл кәсіпорындарды шет елдің бәсекесінен сақтаудың бір жолы еді.

Жапон халқының еңбекқорлығы, ақылдылығы, қанаудың жоғары нысаны, халықаралық қатынастың жақсы қалыптасуы Жапонияның капиталистік дамуына жағдай туғызғаны айқын. Ол өте жылдам ірі капиталистік мемлекеттерге айналды және керші мемлекеттерге қарсы өткізілген акцияларға қосылды. 1889 жылғы Жапонияның Конституциясы буржуазияның экономикалық жағдайының күшеюіне, Жапониядағы саяси қозғалыстың белсенділігіне алып келді. Сол жылы басталған мықты оппозициялық қозғалыс "Дзю минкен ундо" қозғалысы. (Бостандық және халық құқықтары үшін қозғалыс). Буржуазия мүдделерін оның жағына көшкен дворяндардың жақтауы, халықтың кейбір өкілдерінің оларды қолдауы да таңданарлық құбылыс еді. Бәрін біріктірген бір жалпы талап мемлекеттік Конституцияны қабылдауға тиісті.

XIX-ғасырдың 80-жылдарда Жапонияда буржуазиялық помещиктердің алғашқы саяси партиялары құрыла бастады. 1881 жылы Либералдық партия (Дзюто), 1882 жылы Кайсинто реформалар партиясы, 1901 жылы социалистік партия құрылды. Бұл кезде Жапонияда либералдық

оппозицияның күшейгені айқын. Сондықтан Жапонияның үкіметі халыққа уәде беріп, оның арасында Жапонияның Конституциясы қабылданады деген ант та берді. Буржуазияның саяси құқықтарын кеңейту және өнеркәсіптің дамуын жеделдету үшін шара қолдануды талап еткен буржуазиялық либералдық партияға да жазалау шаралары төнді. Елдегі жаппай етек алған "Халық құқықтары үшін" қозғалысын әлсірету үшін үкіметтің енгізгені "қоғамдық тәртіпті сақтау" туралы заң. Бұл заң полицияға, үкіметке қарсы шығуды аяусыз басып тұншықтыруға мүмкіндік берді. Сонымен бірге оппозиция жетекшілеріне лауазым мен қызмет беріп, сатып алуға да болатын.

Осы партияларды біріктірген негізгі мақсат – Конституцияны қабылдату. Сол Конституцияны жазу үшін князь Ито басқарған делегат комиссия мүшелері шетел конституцияларымен және мемлекеттік құрылыспен танысу үшін Еуропа мемлекеттеріне барды. Олар Еуропа және АҚШ Конституцияларымен танысты. Басқа Еуропа мемлекетінің Конституцияларының арасында Пруссияның әскери-полицейлік режимді бекіткен 1850 жылғы Конституциясы да бар еді. Бірақ Еуропаның осы ең қатаң Конституциясы да Жапонияның мемлекеттік құрылысы үшін өте жұмсақ, либералды болып көрінгені жасырын емес. Сонда да Жапонияның үлгі ретінде қолданғаны Бисмарктің Конституциясы.

Императордың жанындағы Құпия Кеңес Конституцияның жобасын қарады. Бұл Конституцияны Жапонияның императоры 1888 жылы халыққа сыйлап, 1889 жылы ол күшіне енді. Конституциямен қатар қабылданған бірнеше конституциялық заңдар болатын. Олар император сарайы туралы, пэрлер палаталары туралы, сайлау туралы заңдар. Сонымен, Жапонияның мемлекеттік құрылысы өзгерді. Жоғарғы билік императордың қолына жинақталып, екі палатадан тұратын парламент құрылды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жарияланды.

Конституцияның бірінші тарауында "Жапон империясы үздіксіз мәңгілік императорлық династия басқаруында болады"-деп айтылған Императордың жеке басы қасиетті саналып, ешкім де қарсы келуге тиіс емес. Император мемлекет басшысы, ол жоғарғы билікке ие және осы Конституцияның қаулыларына сай билікті жүзеге асырады. Ол әскер және флоттың жоғарғы қолбасшысы болып табылады, ол соғыс жариялайды, бейбітшілікке шақырады, келісім шарттарды жасайды. 1889 жылғы Конституция Жапония императорының билігін күшейтті. Ол ешкім тиісуге болмайтын құзыретті адам. Бұл Конституция императордың қолындағы шексіз құқықтардың көбін бекітіп бергені сөзсіз. Оның қол астындағыларға "заңмен бекітілген мөлшерде" демократиялық бостандықтарды пайдалануға рұқсат етілді.

Империя Парламенті пэрлер және депутаттар палаталарынан тұратын. Пэрлер палатасына императордың жарлығына сәйкес император әулеті мүшелерінен, шонжарлардан, императордың өзі тағайындаған ақсүйек дәрежесіндегілер мен император тағайындаған мүшелерден тұрады. Барлық мүшелерді үшке бөлуге болады. 125 адам император сайлаған, мемлекетке

көп жақсылық істеген депутаттар, пэрлердің үш түрі 7 жылға сайланады. Депутаттар палатасы сайлау туралы заңның қаулысына сәйкес халық сайлаған мүшелерден тұрады. Сайлауға 25 жасқа толған, 15 иен салығын төлейтін Жапонияның ер адамдары қатысуға құқықты. Олар төрт жылға сайланады. Пассивтік саяси құқыққа 30 жасқа толған ер адамдар ие. Әскери адамдар мен әйелдер сайлауға жіберілген жоқ. Жапонияның бүкіл азаматтарынан, мүліктік ценздің жоғарылығынан тек 1 проценті ғана сайлауға қатыса алатын. Империя парламенті жыл сайын шақырылады.

Бірде-бір заң империя парламентінің қолдауынсыз шықпайды. Императордың парламентті тарата алатын құқығы бар. Ол парламент қабылдаған заңдарға қолын қояды, оларды жариялайды, заң шығару бастамасына да ие. Ол парламенттің мәжілістерін салтанатты түрде ашады, жабады. Кабинет парламенттің алдында жауапты емес.

Императордың жанында басқа да мемлекеттік органдары бар. Ақылшы орган Құпия Кеңес, бұл Кең кабинет, оған министрлерден басқа императордың өзі тағайындаған 15 адам кіретін. Ол императорға қажетті жағдайларда ақыл беретін орган (56-бап). Императордың ақшшылары Гэнро Кеңесін құрады. Оның құрамындағылардың көбі конституцияда айтылмаған адамдар, негізінен феодалдық ақсүйектер. Осы Кеңес Жапония мемлекетінің сыртқы және ішкі саясатын белгіледі. Маңызды рөлді сарайды басқаратын министр атқаратын. Ол императордың өте жақын адамы. Мемлекеттік мәрді сақтаушы адам, кабинетке де кірмейді, императордың өзіне тікелей бағынады. Император азаматтық және әскери қызметкерлерді өзі тағайындайды, олар тек императордың алдында ғана жауапты.

Парламенттің сессиялары 3 айға, каникулдары төрт айға созылды, сондықтан император парламенттің мәжілісі болмаған кезде өзінің жарлықтарымен қоғамдық қарым-қатынастарды реттеп отыратын. Конституцияның 70-бабында былай делінген: "Егер елдегі ішкі немесе сыртқы жағдай парламентті шақыруға мүмкіндік бермесе, үкімет кезек күтуге болмайтын жағдайда қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға, император жарлықтарын шығару арқылы қажетті қаржы шараларын қолдана алады".

Жапонияның үкіметінің құрамы бірыңғай министрлерден тұрды. Олар өз ақылын императорға айтуға тиіс және сол үшін императордың алдында жауап береді. Мемлекеттік іс туралы барлық заңдар, түрлі императорлық жарлықтар мен актілер мемлекеттік министрлер арқылы бекітілетін. Үкімет парламенттің алдында емес, императордың алдында ғана жауапты. Парламент үкіметтің ұсынған бюджетіне келіспесе, үкімет отставкаға кетпейді, былтырғы жылдың бюджеті қабылданады. Сонымен парламент үкіметке сенімсіздік білдіре алмайтын.

Сот билігі заңға сәйкес император атынан соттар арқылы іске асады. Соттар ұйымы заңмен белгіленеді.

Сот билігі басқару органдарынан бөлініп, прокуратура, құқық қорғау органдары құрылды. Соттарды ұйымдастыру туралы заңның қабылданғаны 1890 жыл. Ол Жапонияның сот жүйесін құрды. Жергілікті округтік сот, Апелляциялық сот, Үлкен әділеттік соты жоғарғы апелляциялық инстанция

болатын және заңдарды талқылайтын. Соттар тек заңға ғана бағынады және өмірбойы кезеңге сайланып қойылады. Сот қызметкерлерін әділет министрі ұсынатын, судья болып үш жыл заңды тәжірибесі бар заңгерлер сайлана алды. 1890 жылы Прокуратураның жергілікті және жоғарғы прокурорлардан тұратын жоғарғы бұқаралық департаменті құрылды. 1893 жылы қорғаушылар туралы заң қабылданды. Адвокаттар соттың ісіне қатысып, азаматтардың құқықтарын қорғайтын. Кез келген жапондық заң немесе жарлықтардағы талап етілген шарттарды қанағаттындырса, азаматтық және әскери қызметтерге басқа да бұқаралық қызметтерге бірдей қол жеткізе алатын. Олардың сайлау, тұрғын жер өзгертуі бостандықтары Конституцияда жарияланған. Әрбір Жапонияның азаматы құқықтарынан айырылмауы тиіс. Олардың жеке құқықтарына араласуға, келісімінсіз үйіне кіруге, тінту жүргізуіне болмайды, хат алысу құпиясы қатаң сақталуға тиіс деп айтылған және осы құқықтарға мемлекет кепілдік беретін. Жеке меншік құқығына қол сұғуға болмайды. Заңмен бекітілген сөз бостандығы, баспасөз, жиналыс, ұйымдарды шектеулі түрде қолданады деген саяси құқықтарға кепілдік берілген. Азаматтар петиция беруге құқылы.

Жергілікті басқару. Жергілікті органдар төрешілдік принципімен ұйымдасты. Олар тікелей үкіметке бағынатын. 1874 жылы құрылған ішкі істер министрлігі жергілікті органдардың қызметін бақылады. Префектураларды басқарушы губернаторды ішкі істер министрінің ұсынысы бойынша кабинеттің басшысы тағайындады. Губернатордың қолында осы жергілікті басқару органдардың құзыреті болды. Ол императордың жарлықтарын жүзеге асырып, төтенше немесе әскери жағдайларда әскерді басқарды. Губернатор сайлау жиналысының төрағасы болғандықтан, бұл жиналысты тарататын да құқығы болды.

Мемлекет тұлғалары емтихан тапсырғаннан кейін қызмет орнына тағайындалатын. Олардың әскери тәртіпке жақын құқықтық тәртібі болатын және олар императордың алдында жауапты еді.

Әскер және полиция. Жапония өте жылдам күшті әскер мен флотын құрды. Бұрынғыдан келе жатқан самурай топтары әскер мен флотта қызмет етуді өздерінің қасиетті міндеті деп санауы заңды еді. Император бұларға көп көңіл бөлетін. Әскерді әскери кеңес, оны әскери министр басқаратын. Полиция бір орталыққа бағынатын, ол ішкі істер министрлігі деп аталды. Полиция мемлекеттегі тыныштық пен тәртіпті бақылайтын, бұл жолда ол тыңшылар мен арандатушылардың қызметін кеңінен пайдаланатын. Мемлекетте полицейлі учаскелердің жүйесі құрылған еді.

Жапонияның 1889 жылғы Конституциясы реакциялық конституция деп саналады. Ол императордың, помещиктердің және буржуазияның одағын заң жүзінде бекітті. Монархия іс жүзінде буржуазиялық-помещиктік монархияға айналды. 1867-1868 жылғы оқиғаларға Жапонияның және басқа мемлекеттердің тарихшылары жан-жақты мінездеме береді. Бұл жағдай Мэйдзи төңкерісі деп аталды. "Мэйдзи Ясин" деген ұғымды жанару, өзгеру деп түсінген жөн. Жапонияда капитализмнің дамуының ерекшеліктері көп. Жапония бір ғасыр бойынша басқа мемлекеттер үшін жабық болды. Сол

кезде бір жағынан феодалдық консервативтік қарым-қатынастар сақталғанымен, капиталистік қарым-қатынастар дами бастады. Жапония отарлық жағдайдан сақталып қалды, шетел капиталы оған құйылған жоқ.

Қорытынды

Жапонияның тарихшылары Жапонияның буржуазиялық революциясын түсіндіргенде басқа мемлекеттердің тигізген ықпалына көп көңіл бөледі. Шет мемлекеттердің күш қолданып тигізген әсері, теңсіз шарттар, дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне зорлықпен қосуы, батыс мәдениетінің әсері басқа жағдайлармен қатар айтылады. Батыс Еуропаның экономикалық үлгілі жағдайлары, мәдениеті, экономикасы феодалдық Жапонияның ұлттық дәстүрін бұзды. Жапония өзінің ішкі мәселелерін шешкен кезде оның бақытына Англия мен АҚШ мемлекеттері өздерінің күрделі мәселелерін шеше алмай, шиеленісіп жатты. Англия Үндістан мен Қытай арасындағы апиын соғысына алаңдап отырды, ал АҚШ болса, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы азаматтық соғысқа бар күшін салып жатты. Басқа қуатты мемлекеттер Жапонияны өзінің отарына айналдыра алған жоқ. Ол өзінің мәдениетін, дінін және ұлттық әдет-ғұрыптарын толық сақтады. Жапониядағы 1868 жылғы буржуазиялық төңкерістің аяқталмай қалғаны белгілі. Ол монархияны да, феодализмнің басқа кейбір қалдықтарын да жоя алмады. Жапонияның аралдық жағдайы оның мемлекет ретіндегі ерекшеліктерін сақтап қалуы үшін тиімді болды. Жапонияның ерекшелігі дін жағынан да байқалады: олардың ежелгі діні – синтоизм, жергілікті рулардың, тайпалардың діні, ал екінші діні – буддизм, бұл дін өмірдің қатты жағдайларын, қиын оқиғаларды, ауруды, өлімді жеңілдету бағытында болатын. Жапонияның Конституциясы буржуазияның дамуына жол ашқан аса маңызды құжат. Императордың билігі конституция бойынша күшті болғанымен, кейбір салаларда шектеліп қадды. Бұл монархияны дуалистік монархияға жатқызуға болады.